

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы  
Кеңес Одағының Батыры И.М.Бережной атындағы  
Келлер орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің  
мұғалімі Боранбаев Жомарт Ақайұлы




# Баяндама

**Тақырыбы :**  
Интерактивті әдіс-тәсілдерді  
пайдалана отырып, оқушылардың  
біліктілігін арттыру.



**«...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздардың қолында» ”**

**Н.Назарбаев**




**КАЗАХСТАН - 2030**



Елбасының «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» жолдауында он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет деп айтылған болатын.







Әлем елдерінің біразы бұдан 40-50 жыл бұрын  
игерген әдіс-тәсілдер мен озық технологиялар  
бұл күнде әрбір мұғалімнің басты құралы  
болып отыр.


Қазіргі уақыт талабы болып отырған  
жаңа технологиялардың өзі жаңадан  
пайда болған емес, оның негізі бұрын  
қаланған, тек қазір өзгеріске ұшыраған



**«Интерактивті»** сөзін ағылшын тілінен

аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген  
мағынаны білдіреді.

**Білім берудегі интерактивтік технология** -  
бірін-бірі толықтыратын және барлық  
оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын  
оқыту технологиясы. Бұл сабақ барысында  
оқушының ұжымдық жұмыс жасауға  
қатыспауы мүмкін емес.





# Интерактивті технология

## Мақсаты

Кез-келген мазмұнға анықтама беру

Оқушының танымдық белсенділігін арттыру

Оқушы пікірін тыңдау, құрметтеу

Белгілі бір идеяны

Қабылдау

Зерттеу

Салыстыру



## Оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерінің қолданылуы

Атауы	Мақсаты	Мәні	Механизмі	Үлгі
Даралап	Оқушылардың танымдық, шығармашылық ой-өрісін дамыту	Оқу-танымдық міндеттерді дәйекті және мақсаткерлікпен ұсыну	Ізденістік әдістер; танымдық міндеттер қою, ой операцияларын жүзеге асыру	
Модульдік оқыту	Оқытуды оңтайландыру, жеке тұлғаның ойлау деңгейін бейімдеу	Оқушының жеке жұмысын ізденімпаздықпен орындауы	Мәселелік әдіс, жеке қарқынмен жұмыс	
Дамыта оқыту	Жеке тұлғаны және оның қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту	Білімін, біліктіліктерін шығармашылық ойлау қабілеті арқылы әлеуметін жетілдіру	Оқушыларды алуан түрлі ой қызметі түріне тарту.	Сөз және оның мағынасына арналған жаттығулар жүйесі
Саралап оқыту	Ойлау қабілетін және т.б. қабілеттерін дамытуға оңтайлы жағдай туғызу	Бағдарламалық материалды әр түрлі жобадағы деңгейде ұсыну, міндетті деңгейден төмен емес.	Жеке дара оқыту әдістері	
Ойын арқылы	Білімді, білікті, дағдыны игерудің тұлғалық- қызметтік сипатын қамтамасыз ету	Ақпараттар іздеуге, өндеуге, игеруге бағытталған өз бетінше атқарылатын танымдық қызмет	Шығармашылық қызметке тартатын ойын әдістері	<p><i>«Мағынасын тап» ойыны</i></p> <p><i>Төбе деген жарық,</i></p> <p><i>Түсті одан жарық,</i></p> <p><i>“Ойлан тап”</i></p> <p><i>Бал -“за”</i></p> <p><i>Малақай    а а а</i></p>

Қызығушылығын ояту

Электронды оқулық арқылы тапсырмалар орындату.

Мағынаны тану

Топтастыру

Сергіту сәті


Адасқан объектіні табу.

Венн диаграммасы.



Ой толғаныс

Тест


Сөзжұмбақ








Ақыл – ойын  
дамытады




Шығармашылық  
белсенділігін  
арттырады




Еркін  
ойлауға  
мүмкіндік  
береді




Интерактивті  
технология  
әдісімен  
оқығанда



Жан-жақты  
ізденушілігін  
арттырады



Ұжымдық іс-  
әрекетке  
тәрбиелейді



Тіл байлығын  
жетілдіреді

**Интерактивті  
технологиялық  
әдістің біз  
үшін пайдасы:**

Түрлі әдістерді  
пайдалану  
арқылы сабақтың  
нақты мәнін терең  
ашуға көмектеседі

Оқушылардың  
барлығын сабаққа  
қатыстыруға  
мүмкіндік туады

Әр оқушының  
білім деңгейін  
анықтауға  
мүмкіндік береді

Оқушыларды  
ізденіске  
баулып, өз  
бетінше жұмыс  
істеуге  
үйретеді.

Оқушылардың  
барлығын  
бағалауға  
мүмкіндік  
аламыз.

**СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ МАБ ЖӘНЕ ҰБТ КӨРСЕТКІШТЕРІ:**  
 МАБ БОЙЫНША 2009-ЖЫЛЫ ОРТАША ҰПАЙ: **23,9**;  
 ҰБТ БОЙЫНША 2009 ЖЫЛЫ ОРТАША ҰПАЙ - **18,8**;  
 ҰБТ БОЙЫНША 2011 ЖЫЛЫ ОРТАША ҰПАЙ – **19,7**;

<b>Реті</b>	<b>Қатысқан іс-шаралар</b>	<b>Нәтиже</b>
<b>1</b>	<b>2008-2009 оқу жылы</b> Аудандық «Абай оқулары» сайысы Дужник Валентина	<b>I-орын</b>
<b>2</b>	<b>2008-2009 оқу жылы</b> облыстық «Абай оқулары» сайысы Дужник Валентина	<b>II-орын</b>
<b>3</b>	<b>2008-2009 оқу жылы</b> қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша аудандық олимпиада Садртдинов Ильгам	<b>II-орын</b>
<b>4</b>	<b>2008-2009 оқу жылы</b> Аудандық конкурстық шығарма «Сәбит Мұқанов әлемі жастардың көзқарасымен» Шетенев Әлібек	<b>III-орын</b> <b>Солтүстік Қазақстан газетінде жарияланды</b>
<b>5</b>	<b>2010-2011 оқу жылы</b> қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша аудандық олимпиада Садртдинов Ильгам	<b>I-орын</b>
<b>6</b>	2010-2011 оқу жылы 6-сынып оқушысы Хавсейт Жаңылар мектепшілік «Абай оқулары» сайысы	<b>I-орын</b>
<b>7</b>	2010-2011 оқу жылы аудандық «Абай оқулары» сайысы бойынша Хавсейт Жаңылар	<b>III-орын</b>





*Сөзжұмбақ,  
тест.*

**Мағынаны  
тану**

**Қызығуш  
ылығын  
ояту**

*Топтау,  
болжам, ойлану,  
сергіту, адас-  
қан объектіні  
табу.*

**Оқу-жазу  
арқылы  
интерактивті  
технология  
әдісімен  
ойлауды  
дамыту.**

**Ой-  
толғаныс.**

***Венн диаграммасы***  
(«Венн диаграмма» стратегиясы.  
Қабысып жатқан 3 дөңгелектен тұрады. Әуелі жеке қасиеттерін жазады да, ортаға екеуіне ортақ қасиеттерді жазады. Бұл диаграммамен өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстырамыз.)




**Көңіл қойып,**

**тыңдағандарыңызға  
рахмет!**

**Сау болыңыздар!**





Мағынаны  
ажырату

Қызығушылығын  
ояту

Ой толғаным

Стратегиялар

Стратегиялар

Стратегиялар

Ой  
шақыру

Топтастыру

Венн  
диаграммасы

Сұрақ қою



## Оқытудың интерактивті әдісі.

### **Оқытудың тәжірбиелерді дамытуға бағытталуы .**

Елде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқадай өзгерістер білім беру жүйесіне де әсерін тигізді. Бұл өзгерістер оқу орындарында жаңа пәндер енгізіп қана қоймай, дәріс беру әдістемесінің өзін өзгерту қажеттігін туғызды. Біздің еліміз дамудың демократикалық жолын таңдап алғандықтан қазіргі кезде шешім қабылдауға халықты тартудың да маңызы зор. Бұл аудиториядағы жұмысқа да қатысты: оқушылар сабақ кезінде мейлінше белсенділік танытуға тиіс. Міне оқушылардың сондай белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды көбіне интерактивті деп атайды.

### **«Интерактивті оқыту әдістемесі».**

Егерде сабақ үстінде оқушылар мен оқытушылардың арасында тығыз қарым-қатынас байқалса бұлайша оқытуды біз интерактивті деп атаймыз. Әдетте мұндай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол- оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таратуға үйрету.

Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды.

Оқу процесінің барысында оқушылар мыналармен қарым-қатынасқа түседі:  
оқытушымен (оқушылар оқытушының сұрағына жауап берген кезде);  
шақырылған адамдармен (немесе топ оқушыларының өздері әлдебір ұйымдар мен адамдарға баруы мүмкін);  
өзге оқушылармен (бірігіп жұмыс істеу барысында);  
шағын топтармен (3-5 оқушымен);  
оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, топ болып әлдебір мәселені талқылау барысында);  
оқушылардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);  
кейбір техника түрлерімен (мысалға компьютермен).


Топтың сандық құрамы оқудың немесе өзара қарым-қатынастың сапасын айқындамайды. «Өзара қарым-қатынас» әдісінің ерекшелігі- оқушы өзгелермен араласу барысында ашыла түсетін болады.





# Интерактивтік тақта – дегеніміз не?

Интерактивтік тақта (ИТ) – дәріскерге немесе оқытушыға екі түрлі құралдарды, атап айтқанда, **ақпарат кескіні** мен **қарапайым маркер тақтасын** біріктіріп қолдануға негізделген құрал.



Интерактивтік технологияның жеделдетіп дамуына байланысты тақтаның түрлері де, оның типтері күннен күнге даму үстінде.



**Бұл құрылғы-  
компьютер**



**Интерактивті тақта**

**ақпараттарды енгізуге  
арналған активті қаламнан  
тұрады.**



**мультимедиялық  
проектор**

